БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Ленин туы

(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№150 (8010) Сәрсенбі 1 август 1945 жыл | Шығуына 27-жыл Жеке саны 20 тыйын

Егін жыйнау және астық дайындау жұмысының қарқынды болуы колхозшылар мен колхозшы әйелдер арасында саяси жұмыстың ойдағыдай өрістетілуіне байланысты. Ал, астық және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдері көп болса, неміс басқыншылар қыйратқан қалалар мен селолар тезірек қалпына келтіріледі, халықтың әл-ауқат дәрежесі бұрынғыдан да артып, Отанымыз неғұрлым күшті және дәулетті болады.

Колхоздың жұмыс жоспары

Республикамыздың оңтүстіктегі облыстарында егін орағы қызу жүргізіліп жатыр. Ақтөбе, Семей, Павлодар тағы басқа облыстарымыз да егін орағына ішін[illegible] кірісе бастады. Барлық облыстарда [illegible] орағы жаппай басталатын уақыт ен[illegible] қашық емес.

Облыстар мен аудандардың көпшілігін [illegible] быйыл егін жаман шыққан жоқ.

Бітік егінді ысырапсыз жыйнап алу — [illegible]зіргі ең басты, ең шұғыл, шаруашылық маңызы орасан зор жұмыс. Егін [illegible]ау қауырт өткізілетін маусымды [illegible]ұмыс. Ол кешігуді, ұзаққа созуды к[illegible]рмейді, сонымен қатар ол сан алуан [illegible] бар, бірсыпра ауыл шаруашылық жұмыстарымен қатар келетін күрделі [illegible] науқан. Сондықтан да, партия мен [illegible]кімет әрқашан егін жыйнау, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жұмыстарына ерекше мән беріп, оны асқан ұйымшылдықпен өткізуді, бұған социалистік ауыл шаруашылығының барлық мүмкіншілігін шебер пайдалануды талап ет[illegible]іп отырады.

Бұл мүмкіншілікті пайдаланудың ен дұрыс жолы жұмысты жоспармен жүргі[illegible]у болады. Жоспар барлық жағынан ойластырылып, колхозшылар кеңінен қатыстырылып жасалса, ондай жоспарды ұйымдастыру күші зор болады. Жоспар колхоздың адамдарын, көлігін, құралсайманын толық пайдалануға жол ашады. Жоспар уақытты толық пайдалануға [illegible]ді. Жоспар дұрыс жасалып, әрбір жұмыстың аткарылатын мерзімі, кім, оны кім аткаратыны, оған канша [illegible], машина-құрал жұмсалуға тиіс екені анық көрсетілін жасалса, ол жеке [illegible]

Жоспарда екіншіден астық тапсыру жөніндегі міндеттемені орындау жұмысын жақсы ұйымдастыру, бұған тасымал жабдықтарын дұрыс пайдалану ескерілген. Үшіншіден егін жыйнаумен, мемлекетке астық тапсырумен тұтас келетін жұмыстарды: кеш егілген егінді, парды күту, күздік егу, анызды сыдыра жырту, зябь жырту жұмыстарын уақытылы, сапалы өткізу көзделген. Сонымен қатар бұл жоспарда колхоздың көлігін, машиналарын, құралдарын, арбаларын, жегу өбзелдерін егін орағына, астық тасуға жақсы әзірлеу көзделген.

Бұл колхозда істелетін жұмыс көлемі өте зор. Машиналарды, комбайндарды, колхоздың барлық адамын, оның ішінде карттарды да, жас өспірімдерді де толық пайдалану, жұмысты тақ сәріден кас қарайғанша істеу жағдайының бәрін ескере келгеннің өзінде, колхозда бір аз күш жеткіліксіз болып шыккан. Мұның орнын толықтыру үшін Сталин атындағы колхоздың мүшелері егін жыйнау кезінде жұмыс нормасын артық белгілеуге ұйғарған. Сталин атындағы колхоздың мүшелерінің бұл шарасы колхоз үшін, оның мүшелері үшін үлкен пілікті шара екені өзінен өзі түсінікті.

Колхоз жоспарында кактылмаған мәселе жок. Онда еңбек ұйымдастыру, колхозшылардың, әсіресе, балалы әйелдерін жұмысты өнімді істеуіне жағдай тугызу, ысырапқа қарсы күресу, астықты мукият күзету, мемлекетке астықты уақытылы өткізумен қатар, оны мейлінше сапалы етіп өткізу, егін орағындағы колхозшылар арасында мәдени-көпшілік жұмысын күшейту тағы басқа мәселелердің бәрі айкын, анық көрсетілген. Колхоздың пар[illegible]

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің VIII сессиясы қабылдаған заңдар

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының 1945 жылғы мемлекеттік бюджеті туралы

ЗАҢ

Казақтың Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі **қаулы етеді:**

1. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі ұсынған Казак ССРның 1945 жылғы мемлекеттік бюджеті кірісі 1.889.852 мың сом және шығысы 1.884.911 мың сом болып кірісі шығысынан 4.941 мың сом сомада арттырылып бекітілсін.

2. Осы Заңның 1-статьясына сәйкес, Қазақ ССРның республикалық бюджеті: кірісі жөнінде 1.493.549 мың сом және шығысы жөнінде 1.488.608 мың сом болып, кірісі шығысынан 2.941 мың сом сомада арттырылып бекітілсін.

3. Казак ССРның облыстары мен Алматы каласының 1945 жылғы жергілікті бюджеттері мынадай сомада бекітілсін:

(мың сом есебімен)

	кіріс пен шығыс жөнінде	Мемлекеттік кірістер мен салыктардан түсетін үлес
Алматы облысы	57.607	44.340
Акмола облысы	70.326	49.235
Ақтөбе облысы	69.286	53.503
Шығыс Казакстан облысы	95.148	67.644
Гурьев облысы	53 731	37.497
Жамбыл облысы	68.902	39.814
Батыс Казакстан облысы	72.830	55.763
Караганды облысы	83.748	51.384
Қызылорда облысы	54.108	34.065
Кекшетау облысы	55.608	40.918
Костанай облысы	73.211	55.312
Павлодар облысы	64.295	52.202
Солтүстік Казакстан облысы	68.049	41.867
Семей облысы	83.083	54.119
Талдыкорган облысы	64.760	51.906
Оңтүстік Казакстан облысы	114.103	69.892
Алматы каласы	73.004	26.045

4. Облыстардың бюджеттеріне 1945 жылы белгілетін үлес мынадай мөлшерде: Гурьев облысына—35 процент, Жамбыл облысына—35 процент,

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінде

Республика колхоздары мен совхоздарында зябь жырту туралы

Ауыл шаруашылық егістерінен мол өнім алуда зябьті деркезінде жыртудың ерекше маңызы бар екендігін атап көрсетіп, Казак ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті республика колхоздары мен совхоздарын да зябь жыртудың бескүндік тапсырмасын бекітті, сейтіп облыстық, аудандық совет аткомдерін, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттерін бұл тапсырманы әрбір ауданға, МТСқа, совхозға және колхозға жеткізіп, оның орындалуын күнбе-күн бақылап отыруға міндеттеді.

Казак ССР Жер Халық Комиссариатына, Совхоздар Халық Комиссариатына, облыстық совет аткомдері мен КК(б)П обкомдеріне зябь жыртуға жеткілікті мөлшерде тракторлар мен көлік күшін бөліп, оларды зябь жырту жоспары орындалганға дейін басқа жұмысқа ауыстырылуына жол бермеу тапсырылды.

Казак ССР Жер Халық Комиссариаты, Совхоздар Халық Комиссариаты, облыстық, аудандық совет аткомдері, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттері, МТС, совхоз директорлары және колхоз басқармалары мына жұмыстарды жүргізуге міндеттеді:

а) 1946 жылы ауыл шаруашылық егістерін неғұрлым қолайлы орналастыруды ескеалып, зябь жырту үшін жақсы жерлер іріктеліп алынсын, күзді күндері тың және тынайтылган жерлер кеңінен игерілетін болсын. Колхоздарда ауыспалы егіс тәртібі орнатылганнан ке[illegible]

в) зябь жырту жұмысын сапасы катаң бақылансын, ол үшін жыртылган зябь алаңдарын МТС, совхоз директорлары мен колхоз председательдері бескүн сайын бір рет, ал егін бригадаларының бригадирлері күн сайын қабыдан алатын болсын. Сапасыз жыртылган зябьті оны жыртқан колхозшылардың және тракторшылардың өздері кайта жыртатын болсын, олардың бұл жұмысына ен бек күн төленбесін.

Казак ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті колхоздарға зябь жыртуда көлікті алмастырын жегу әдісін кең колдануды ұсынды. МТС және совхоз директорлары зябь жыртуға бөлінген тракторлардың ен сменамен жұмыс істеуін және кейбі егін жыйнайтын машиналардың сынуы себепті бос тұрган тракторлардың д[illegible] зябь жыртуға пайдаланылуын кантамасыз етуге міндетті.

Казнефтеспабқа, Казак ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариатына зябь жыртуда жұмыс істейтін тракторлардың жанар және жағар маймен үздіксіз жабдықталуын кантамасыз ету тапсырылды.

Колхоз басқармаларына және совхоз директорларына тәуліктік және бескүндік тапсырманы артық орындап жүргізе зябь жыртушы алдыңғы катарлы тракторшылар мен сокашыларға берілетін сыйлық корын жасау тапсырылды. Ал Сауда Халық Комиссариаты мен Казакстан тұтынушылар одағына бұл үшін жеткілікті мөлшерде бұйым болу үш[illegible]

нікті партия, совет, жер орындары өрес ше көңіл бөлін бұл жөнінде КК(б)П Орталық Комитетінің XIII пленумының қаулысын мүлтіксіз орындауға міндетті.

«Социалистік Қазақстанның» 20 июль дегі санында Ақмола облысының Ақмола ауданындағы Сталин атындағы колхоздың жұмыс жоспары жарияланды. Бұл жоспар колхозшылардың белсене қатысуымен жасалған. Жоспарды жасауға ауыл шаруашылық мамандары көмектескен. Сондықтан, бұл жоспарда колхоздың күш мүмкіншілігі, оны жұмыска дұрыс болу, толық пайдалану жолдары анық көрсетілген.

Бұл жоспарда еңалдымен колхозшыларды жұмыска толық пайдалану, егін жыйнау кезінде баска жұмыстардағы адам санын неғұрлым азайтып, оларды егін жыйнауға шығару, колхозшылардың үйішіндегі адамдарды да жұмыска толық пайдалану көзделген. Егін жыйнауға, ас тық бастыруға, тасуға көлікті, комбайн жай машиналарын барлық түрін, басымал жабдықтарын толық және неғұрлым өнімді пайдалану ескерілген.

тиіс. Бұған ауданның партия, совет, жер орындары, эсресе, маманзар колма-кол көмектесу керек. Жасалған жоспар егін жыйнау кезінде колхозда істелетін барлық жұмыстың сөзсіз орындалатын берік заңына айналуға тиіс.

ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті 1945 жылы егін жыйнау, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы қаулысы таяудағы істелетін жұмысымыздың айбынды программасы. Бұл қаулыда партия, совет ұйымдары, жер мекемелері, олардың мамандары, ауыл, село коммунистері, социалистік ауыл шаруашылығындағы барлық қызметкерлер мен еңбекшілер үшін кәзір егін жыйнауға, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындауға жақсы әзірленіп, оны ойдағыдай өткізуден артық, бұдан маңызды міндет жоқ деп көрсетілген. Бұл жұмыстарды ойдағыдай өткізуге барлық күш жұмсалсын. Әрбір колхоздың бұл жөнде тыңғылықты жасалған жұмыс жоспары болсын!

(«Социалистік Қазақстанның» басмақаласы).

Свердлов, Оңтүстік Орал, Томскі, Омскі, Қарағанды және Перм темір жолдарының қызметкерлерін ордендермен және медальдармен наградтау

Ұлы Отан соғысы кезінде Отан қорғау және халық шаруашылық жүктерін тасу жөніндегі үкмет пен әскери командованиенің тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны үшін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша мына адамдар наградталды:

ЛЕНИН ОРДЕНІМЕН—Свердлов темір жолының бастығы С. И. Богачев, Омскі темір жолындағы Барабинскі паровоз депосының аға машинашысы В. И. Голенков, Томскі темір жолының бастығы В. П. Егоров, Қарағанды темір жолының бастығы В. В. Курочкин, Оңтүстік Орал темір жолының бастығы Л. П. Малькевич, Свердлов темір жолындағы Свердловскі-сортировочная электр депосының машинашысы З. А. Ситников және баска лар барлығы 26 адам;

Бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен—20 адам;

Екінші дәрежелі Отан Соғысы орденімен—25 адам;

Еңбек Қызыл Ту орденімен—136 адам;

Қызыл Жұлдыз орденімен—127 адам;

«Хүрмет Белгісі» орденімен—253 адам;

«Еңбектегі Ерлігі Үшін» медалімен — 311 адам;

«Үздік Еңбегі Үшін» медалімен —320 адам наградталды.

(ТАСС).

Амур, Шығыс Сібір, Қыйыр Шығыс, Забайкал, Красноярскі, Приморье темір жолдарының қызметкерлерін ордендермен және медальдармен наградтау

Ұлы Отан соғысы кезінде отан қорғау және халық шаруашылық жүктерін тасу жөнінде үкмет пен әскери командованиенің тапсырмаларын ойдағыдай орындағаны үшін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша мына адамдар наградталды:

Ленин орденімен— Қыйыр Шығыс темір жолының бастығы А. Д. Беспятый, Приморье темір жолының бастығы А. Ф. Журавлев, Қыйыр Шығыс темір жолындағы Ин паровоз депосының машинашысы П. Т. Качан, Забайкал темір жолының бастығы И. А. Корначенко, Амур темір жолының бастығы Е. И. Мальгинов, Амур темір жолындағы Могоча паровоз депосының машинашысы А. П. Репин және баскалар, барлығы—12 адам;

Бірінші дәрежелі Отан Соғысы орденімен—6 адам наградталды.

(ТАСС).

2. Баска барлық облыстар мен Алматы каласына —10 процент.

г) жеке шаруалар шаруашылығынан ат ұстағаны үшін алынатын мемлекеттік салықтан—75 процент,

д) еңбекшілерден алынатын табыс салығының түсімінен барлық облыстар мен Алматы қаласына —5 процент.

е) машина-трактор станцияларының табысынан—15 процент,

ж) баска табыстардан алынатын салықтан барлық облыстар мен Алматы каласына —100 процент,

з) халық пен колхоздар арасында таратылған мемлекеттік заемның сомасынан:

Алматы облысына—35 процент,

Ақмола облысына—35 процент,

Ақтөбе облысна—35 процент,

Шығыс Қазақстан облысына—50 процент,

Солтүстік Қазақстан облысына—50 процент,

Оңтүстік Қазақстан облысына—35 процент,

Алматы каласына —20 процент.

5. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советіне, оборот салығынан берілетін үлестің Қазақ ССР Жоғарғы Советі бекіткен сомаларына сәйкес әрбір облыс пен Алматы каласы жөнінде осы салықтан берілетін үлестің процентін белгілеу тапсырылсын.

6. Қазақ ССР мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы есептер бекітілсін: 1943 жылғы бюджеттің кірісі 1.395.798 мың сом, шығысы 1.313.173 мың сом, кіріс шығысынан 82.625 мың сом артық және 1944 жылғы бюджеттің кірісі 1.464.183 мың сом, шығысы 1.464.375 мың сом, кіріс шығысынан 1.808 мың соқ артық.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.
Алматы каласы, 1945 жылғы 18 июль.

ҚАЗАҚТЫҢ СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ТУРАЛЫ

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі **қаулы етеді:**

Депутат **Шоланов** Рабдолла Казақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі болып сайлансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.
Алматы қаласы, 1945 жылғы 18 июль.

ДЕПУТАТ Ә. Т. ЖАНГЕЛДИНДІ ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕ САЙЛАУ ТУРАЛЫ

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі **қаулы етеді:**

Депутат **Жангелдин** Әлібай Тоғжанұлы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.
Алматы қаласы, 1945 жылғы 18 июль.

ДЕПУТАТ К. БАЙСЕЙІТОВАНЫ ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕ САЙЛАУ ТУРАЛЫ

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі **қаулы етеді:**

Депутат **Байсейітова** Күләш Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшелігіне сайлансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.
Алматы қаласы, 1945 жылғы 18 июль.

ДЕПУТАТ А. И. РОЗАНОВАНЫ ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕ САЙЛАУ ТУРАЛЫ

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі **қаулы етеді:**

Депутат **Розанова** Анастасия Ивановна Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.
Алматы қаласы, 1945 жылғы 18 июль.

Республика колхоздары мен совхоздарында күздік егу жұмысын өткізу туралы

Республика колхоздары мен совхоздарында 1945 жылы күздік егуді деркезінде өткізу мақсатында, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитеті **қаулы етті:**

1. Колхоздар мен совхоздарда күздік егісті өткізудің мерзімі: Костанай, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарында августың 1нен 25не дейін; Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Гурьев облыстарында 10 августан 1 сентябрьге дейін; Алматы, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызыл орда облыстарында сентябрьдің 1нен 20на дейін болып белгіленсін.

2. Облыстық, аудандық совет атқомдері, облыстық аудандық партия комитеттері, жер бөлімдері күздік егудің тағайындалған мерзімдеріне сәйкес, күздік егудің бескүндік тапсырмаларын белгілеуге, сөйтіп олардың әрбір аудандарға, ал аудандарда әрбір колхоз бен совхозға жеткізуге міндеттелсін.

3. Облыстық, аудандық совет атқомдері, облыстық, аудандық партия комитеттері, жер орындары мен совхоз трестері егіс жұмыстары басталғанға дейін күздік егіс орналастырылатын жерлерді іріктеп алуға, агрономдардың қатысуымен әрбір учаскеде егісті өткізудің және жер өңдеудің мерзімдерін белгілеуге міндеттелсін.

Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариатына үш күндік мерзім ішінде жер орындарына, МТСтарға, колхоздар мен совхоздарға жерді іріктеп алудың және ауыспалы егіс алаңдарында күздік егістерді орналастырудың тәртіптері жөнінде нақтылы нұсқау беру тапсырылсын.

4. Облыстық, аудандық совет атқомдері, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттері, жер орындары, совхоздар трестері, совхоз директорлары мен колхоз председательдері мыналарға міндеттелсін:

а) күздік егісті өткізу үшін жеткілікті мөлшерде тракторлар, трактор жалғамалы көлік тұқым сепкіштері, көлік күші мен адам күші бөлінсін, бұлар күздік егіс жоспары орындалмайынша баска жұмыстарға ауыстырылмайтын болсын;

б) күздік егіс тек ғана тракторға тіркелетін және көлікке тіркелетін тақтаты тұқым сепкіштермен егілсін.

в) тұқымның дұрыс сіңірілуін қамтамасыз ету үшін, күздік егуге белгіленген қара парлар егіс алдында культивациялансын. Егістің біркелкі өсуін қамтамасыз ету мақсатында қара пардың (егіс алдында тегістелетін болсын. Күздік егіс арам шөбі көп және жұмысталмаған жерлерге егілмейтін болсын.

5 Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты мен Совхоздар Халық Комиссариаты, олардың жергілікті жерлердегі орындарына күздік егіс тұқымын тұқым тексеру лабораторияларында шашпаң әдіспен серіпуін ұйымдастыру, тексерілмеген тұқымды себуге тіпті жол бермеу тапсырылсын.

6. Облыстық, аудандық совет атқомдері, КК(б)П облыстық және аудандық комитеттері, жер орындары мен совхоз трестері егіс жұмыстарының сапасын қыят бақылауға міндеттелсін. МТС мен совхоз директорлары, колхоз председательдері күздік егіс егілген алаңда күнбе-күн қабылдап, істелген жұмыс міндетті түрде баға қойып отыратынын тағайындалсын.

ДЕПУТАТ К. И. ФИЛИППОВТЫ ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ МҮШЕЛІГІНЕ САЙЛАУ ТУРАЛЫ

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі **қаулы етеді:**

Депутат **Филиппов** Константин Иванович Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ә. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.
Алматы қаласы, 1945 жылғы 18 июль.

Шараның ансамблі Москвада

Москваның «Эрмитаж» театрында Қазақ ССРның орденді халық артисі Шараның өзінің ансамблімен концерт бере бастады. Қазақтың әнді-би ансамблі Москва экстрадасында тұңғыш рет концерт берді.

Шара қазақ, орыс, украин, әзербайжан, армян, тәжік, татар, өзбек, қырғыз халық әндері мен билерін орындады. Москва жұртшылығы қазақтың өнерпаз әні, талантты артисі Шараны ықылас қарсы алды.

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс

Мал шаруашылығы үшін құнарлы азық қоры мол жасалсын!

Алған міндеттеме, берген сертті толық орындаймыз

Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы ...лалдықтық социалистік жарысқа ...тасқанда, қоғамдық мал басын есепке ...тыруға, мал басының бір келкі өсуіне ...лық жағдай жасауға, ол үшін мал ша...шылығына жылы қора, берік мал азы...қорын жасауға міндеттенген едік. ...бұл міндеттемемізді аброймен орын...ы келеміз.

Қазір колхозда тілік өсірудің мемле...тік жоспары жылқыдан 102, қой-ешкі...ен 137, ірі қара малдан 106 процент орындалды. Жылқы фермасында ...бие бар. 21 бледен биыл тұяқтан...ық өсіріліп отыр.

Мал өсірушілеріміз мереке атындағы социалистік жарыста алған міндеттемеле...і және Қазақ ССР Халық Комиссарла...ы Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті...ің «Республикамыздың колхоздары мен ...хоздарында мал шаруашылығын өркен...дейтін 1945 жылғы мемлекеттік жоспа...ы туралы» қаулысын орындай отырып, ...рмаларда үздік жұмыс істеді. Жылқы...ы Рақымжан Нұртазин, шопан Есенбай ...ыметов жолдастар мал шаруашылы...ын өркендету жолында жан-тәнімен жұ...ыс істеудің асқан үлгілерін көрсетті. ...шан Ақыметов жолдас 4 жыл бойы ...қ фермасында қажырлы қайратпен жұ...ыс істеп келеді. Егер 1940 жылы...ың алдында 350 қой болса, бұдан ...00 қой есті. Ақметов жолдастың ...бегіне қосымша ақыға осы төрт жыл...ішінде 7 мал берілді.

Қой фермасындағы таңдаулылардың бі...—Ақыметова Бәшен жолдас. Ол сау...ыштарды қоздатуға өте-мөте ұқыпты...ықпен қарап, төл алу маусымын үнемі ...ағыдай өткізіп келеді. Бәшен жолдас ...зы күтушілік болып жұмыс істегелі оның ...дынан бірде-бір төл шығын болып көр...і емес.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Сове...і мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Қа...қ ССР колхоздары мен совхоздарында ...ш шабу және шөп сүрлеуге әзірліктің ...барысы туралы» қаулысында колхоз бас...ыларынан жаппай егін жыйнау бастал...ғанға дейін шөп шабу жоспарын толық орындауды қамтамасыз ету талап етілді. Қоғамдық мал шаруашылығының қыстан аман шығып, алып адыммен өркендеуі тікелей осы қаулыны жүзеге асыруға байланысты.

Өйткені малға жылы қора және құнарлық азық қоры мол жасалмаса, онда мал шаруашылығындағы жоғарыда көрсетілген табыстарымыз жоққа шығар еді, демек қыс маусымында мал шаруашылығы күйзеліске ұшырар еді.

Сондықтан біз шөп шабуға 10 шөп машинасын қосып, олардың өнімді пайдаланылуын қамтамасыз еттік. Бүгінгі күнге дейін колхозымызда 12 мың центнер мал азығы дайындалды. 1000 центнерден аса мал азығы қыстауларға тасылды. Мал азығын әзірлеуде Телепперген Мұстафин және Базарбек Мұстафин жолдастар басқарған бригадалардың мүшелері таң сәріден қасқарайғанға дейін тынбай жұмыс істеп жүр. Бұлардың қарауындағы пішеншілердің ішінде күнделікті жұмыс тапсырмасын орындамайтындарды кездестіре алмайсыз. Бригадалардың Таңатаров, Оразалин, Анафина, Сүгірбаев және Қалиев сыяқты маяшылары күн сайын 50—75 центнерден пішен маялап келеді.

Колхозымызда таяудағы 8—10 күндер ішінде жаппай егін жыйнау басталады. Ауыл шаруашылық жұмыстарындағы бұл жауапты кезең өріс алғанға дейін біз мал азығын дайындау жоспарын 100 процент орындауға барлық күш-мүмкіншілігімізді бұрынғыдан бетер жұмылдырамыз. Сөйтіп, республикамыздың данқты мерекесі атындағы социалистік жарыста алған міндеттемемізді ақырына дейін орындап шығатын боламыз.

Қ. ҮМІТБАЕВ,
Преснов ауданындағы «Баян» колхозының председателі.

Мал қыстатуға әзірлікте озаттарға теңелейік

Ленин ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары Қазақстанның 25 жылдығына дейін мал қыстату маусымына барлық жағынан толық әзірлену үшін барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыруда. Мәселен Ақын жолдас председатель болып істейтін Аманкелді атындағы колхозда 7 мал қорасы мал қыстату маусымына қазірдің өзінде дайын болды. Мұнымен бірге, жаңадан 1 мал қорасы салынды. Қыстаулар жанына 1200 центнер пішен тасылды.

Мал қыстату маусымына әзірлік жұмыстары «Өндіріс» және «Жаргайың» ауыл шаруашылық артельдерінде де қызу жүргізілуде. «Өндіріс» колхозында барлық мал қоралары тәртіпке келтірілді. Мал қыстауларына пішен тасуға 8 арба бөлініп, олармен 1600 центнер мал азығы тасылды.

Дегенмен ауданның кейбір колхоздарында қоғамдық мал шаруашылығына жылы қора, берік азығы қорын жасау жұмысы ұмыт болған істің бірі болып отыр. Тегінде бұл колхоздардың басшылары жылы қорасыз және құнарлы азықсыз қоғамдық малды қыстан аман алып шығу оңайға түспейтіндігін ескермесе керек. Бұл жағдай әсресе «Красный партизан», Ленин атындағы және Пушкин атындағы колхоздарда кездесіп отыр.

Рас, қыс маусымының басталуына бір сыпыра уақыт бар. Бірақ мал қыстату маусымына әзірлік жұмысының ұйымдастырылуында бұл сыяқты жайбарақаттық және жауапсыздық үзілді-кесілді жойылмайтын болса, онда қалған уақыттың өзі де босқа өтіп, қоғамдық малдың жылы қорасыз және азықсыз қалуы мүмкін. Міне жоғарыда аталған колхоз басшыларының ескергені жөн.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

„ЖАҢА СУДАҒЫ" ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ

Октябрь ауданындағы «Жаңа су» колхозының председателі Ілиясов жолдаспен мал азығын дайындау жұмысының барысы жөнінде әңгімелесе қалсаңыз, ол екіленеп сөйлеп, өзіне сөз бермейді: «пішенді

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

Бала тәрбиелеу ата-ананың ардақты борышы

Бала адамның келешегі, баланы тәрбиелеу, оны социалистік қоғамның саналы мүшесі етіп өсіру ата-ананың ардақты борышы. Баланың сергек, пысық, саналы, әдепті болып өсуіне жол ашатын нәрсе—еңбек. Баланы жастан еңбек сүйгіш етіп тәрбиелейтін де ата-ана. Баланың еңбекке бейімделуі үй шаруасынан басталады. Бала үй шаруасына икемделсе, өзі үшін де, үй іші үшін де зор пайда. Еңбектің ең жеңілі ертемен тұрып, бала кімін өзі тауып киюі, өз орынын өзі жыйнайтын болуы. Одан әрі отын, су тағы басқа үй шаруасына ысылма бергені жөн. Сабақ оқу, мектепке баруы мезгілін балалар өздері біліп тұрулары керек.

Кейбір ата-аналар өз киімін тауып киетін ересек балаларды киндіріп, оның төсеніштің жыйнап, сабаққа тербетіп оятып, оны үйде ешжұмысқа жұмсамай еңбектен жіркенетін, жалқау етіп тәрбиелейді. Есейген баланың керегін әзірлеп тұру, баланың еңбек істеуіне мүмкіндік бермеу, бұл бала үшін өте зиянды тәрбие.

Бала тәрбиесі жөнінде тағы бір есте қаларлық іс, баланың қолына есепсіз ақша ұстатудың зиянды екенінде. Бала әр нәрсеге әуес, еліктегіш келеді. Орынсыз берген ақшаға зиянды нәрселер сатып алып, пайдалануға әдеттенеді. Қолға түсіп тыйынды орынсыз жұмсау қай бала болса да табылатын мінез. Баланы бақылау, ұқыптылыққа үйрету, келешектегі оның өз тұрмысын меңгеріп әкетуіне жол ашады.

Бала тәрбиесінде тағы бір есте болар-лық мәселе, ата-ананың бала алдында өздерінің сынайы, тату болуы, зиянды құлық мінезден аулақ болуы керек. Баланың жыйнақты таза болып өсуіне әсресе анасы жауапты. Сондықтан ана бұл мәселені де естен шығармауы керек. Баланың мектептен жақсы білім алуына да ата-ана тәрбиесі зор әсер етеді. Ол үшін баланың ата-анасы мектеппен қатынас жасап, баланың хал-жайымен танысып отырулары керек. Бала сабақтан төмен баға алса да, класс тәртібін бұзса да: «мен сөйтіп едім» деп үй ішіне айтып келмейді. Соның үшін баланың күнделік дәптерін қарап отыру ең оңай, ең қолайлы әдіс. Баланың мектептегі тәртібі, сабақты ұғырісі, мінез-құлқымен танысудың тағы бір жолы—ата-аналар жыйылысына жиі қатысып отыру. Кейбір ата-аналар: «менсіз де оқып жатыр гой» деп мектептен қол үзіп, алыс жүреді. Бұл баласының келешегін ойлаудан бойды аулақтату болып табылады.

Қазіргі кезде бала туралы көңіл аударарлық мәселенің бірі—үй ішінде баланың қазақша сөйлеуі. Естеріңізде болсын, ана тілін білуден бала қор болмайды. Орыс мектептерінде оқып жүрген қазақ балаларының көбі қазақ тілін білмейді. Әке, шеше, іні-қарындастарымен орысша сөйлеседі. Әрине орыс тілін баланың үйренгені жақсы. Сонымен бірге ол өзінің ана тілін де білуі керек. Баланың ана тілінде сөйлеп, жазуы, оның жақсы, жаман сөздерді айыра білуі, баланың өсуіне, келешегіне зор әсер етеді. Тіпті орысша екі ауыз сөздің басын қоса алмайтын шешелердің үй ішінде орысша сөйлесіп, біріншіден орыс тілін бұзатындары, екіншіден орысшаны жаңа үйренін келе жатқан жас баланың орыс тілін дұрыс үйренуіне кесел келтіретіндері де бар.

Балаға ата-ананың газет, журналмен шұғылдануы, өз білімдерін көтеруі де әсер етеді. Өйткені, оларды көрген бала да газет, журналға әуес, оқығыш келеді.

Балаға коммунистік таза тәрбие беру, оны Отанын сүйгіш, саналы етіп өсіру, олардың дұрыс білім алуына көмектесу ата-аналардың ең жауапты, сонымен қатар ардақты борышы екенін естен шығармауымыз керек. Міне, сондықтан да Г. Сланов жолдастың жуырда «Социалистік Қазақстан» газетінде бала тәрбиесі жөнінде көтерген мәселесі толғағы жеткен мәселе. Бұл мәселені жұртшылық болып, мектеп болып қолға алып, жас өспірімдерге білім, тәрбие беру ісін анағұрлым жақсартатын болайық!

Бекмұхамет СЕРКЕБАЕВ,
Қазақтың педагогика институтының оқытушысы.

Ауыл-селолық жерлерде өртке қарсы күресті күшейтейік!

Өрт—халық шаруашылығының қас...дағы өрт сөндіру қоғамдарын нығайтып

Мәлімдеме

Одақтастардың Германиядағы Бақылау Кеңесі 1945 жылғы 30 июльде Берлинде өзінің алғашқы ресми мәжілісін өткізді. Мәжілісте АҚШ өкілі армия генералы Дуайт Д. Эйзенхауэр председательдік етті. Мәжілісте Советтер Одағы жағынан маршал Жуков, Біріккен Королдік жағынан фельдмаршал Монтгомери және Француз республикасынан генерал Кениг қатысты. Сол сыяқты мәжілісте Кеңес мүшелерінің орынбасарлары мен саяси кеңесшілері де қатысты.

Август айынан бастап, Кеңес председательдерінің кезектегі ай сайын елдер атының мынадай әліпбиі ретімен ауысып отыратындығы жайында ұйғарынды жасады: генерал Эйзенхауэр, фельдмаршал Монтгомери, генерал Кениг, маршал Жуков Бақылау Кеңесінің мәжілістері әр айдың 10, 20, 30да және Кеңес мүшесінің қайсысының болсын сұрауы бойынша қай уақытта болса да өткізіледі.

Кеңестің төрт мүшесі Германиядағы бақылау механизмі туралы келісімде алдын-ала көрсетілген бақылау орындарын ұйымдастыру және оларды іске кірістіру жөніндегі ұсыныстармен танысып, бұл жөнінде келесі мәжілісте баяндама жасау үшін оларды өз орынбасарларына тапсырды.

Кеңес Француз республикасы әскерлерінің оккупациялауы үшін Үлкен Берлин ауданынан аймақ бөлу туралы жасалған келісімді мақұлдады.

БЕРЛИН. 1945 жылғы 30 июль.

Тынық мұхиттағы СОҒЫС

ЛОНДОН, 30 июль (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 27 және 28 июльде Америка бомбашылары мен истребительдерінің 700 самолетпен жорық жасап, Жапония жеріндегі соғыс орындарын, оның ішінде Кагосима (Кюсю аралында) темір жол орталығын бомбалағандығын одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлегіндегі қаруды күштері бірлескен командованиесінің штабы хабар етті.

Екінші бір самолеттер Кореяға, Формоза аралына және Борнео аралына таяу тұрған кемелерге шабуыл жасады. Жапонның 18 кемесі мен жүк кемелері суға батырылды.

ВАШИНГТОН, 30 июль. (ТАСС). 30 июльде Америка және Англия самолеттерінің авианосецтерден ұшып шығып, Токио ауданындағы аэродромдарға және басқа соғыс орындарына шабуыл жасағандығын АҚШтың Тынық мұхиттағы

Мал азығын дайындау жоспарының орындалуы өсресе Мамлют, Конюхов, Полов және Полудень аудандарының колхоздарында мардымсыз болып отыр. Ларда жоспардың орындалуы 33—40 проценнтен аздап ғана асты.

ПІШЕНДІ МАЯЛАУ. Колхоздарда 108668 гектар ғана жердің пішені маяға лынды. Шабылған пішенді маяға салуда әсресе Булаев, Октябрь, Преснов жа- Совет аудандарының колхоздары кешіргісіз артта қалып, бүкіл облысымызды йін тартып отыр. Преснов ауданының колхоздарында 26363 гектар жердің шені шабылса, мұның 17182 гектары ғана маяға салынды.

ҚЫСТАУЛАРҒА ШӨП ТАСУ. Колхоздарда ма л қыстауларына пішен тасу ұмысы өрістеу былай тұрсын, қайта бәсеңдеп кетіп отыр. Күні осы уақытқа йін қыстауларға не бәрі 18571 тонна ғана шөп тасылды.

Мал қыстауларына Ленин ауданының колхоздары 2945, Октябрь ауданы- ың колхоздары 2978 және Преснов ауданының колхоздары 4820 тонна пішен асыды. Пішенді қыстауларға тасуда әсресе Мамлют, Полудень, Соколов және риешім аудандарының колхоздары артта қалып отыр. Мамлют ауданының кол- оздарында қыстауларға тасылған пішен мөлшері 150 тоннаға да жетпейді.

ШӨП СҮРЛЕУ. Облыс колхоздарында 17274 тонна шөп сүрленіп, жоспар 3,4 процент орындалды. Мал азығын сүрлеу жоспарын Соколов ауданының кол здары 258,1, Мамлют ауданының колхоздары 143,2, Полудень ауданының кол здары 133,4 және Преснов ауданының колхоздары 129,8 процент орындады.

Мал азығын сүрлеуде әсресе Октябрь, Приешім, Совет және Булаев ауданда ының колхоздары кешіргісіз артта қалып қойды. Бұл аудандарда жоспардың рындалуы 13—31 проценнтен аздап қана асты. Октябрь ауданының колхозда- ында небәрі 325 тонна ғана мал азығы сүрленіп, жоспардың орындалуы 13 процент ғана болды.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Колхоздарда соңғы бір күнде зябь жырту жөнінде мардымды штеңе істелмеді. Облыс бойынша соңғы бір күнде небәрі 25 гектар ғана зябь ырытылды. Ал зябь жырту жөніндегі жалпы жоспардың орындалуы әлі де 2 процентке жеткен жоқ.

Ішінде колхоздары тоқ процент орындады.

қосылмаған, ал қалған екі шөп машинасымен 15 июньнен бері жоспардың үштен бір бөлегі де орындалмаған. Шөп шабу маусымына ат тырнауыштарын дайындамау салдарынан мұнда шабылған пішен жыйналмай ат жалда жатыр.

Ілиясов жолдастың бұл жауапсыздығы мен жайбарақаттығына, аудандық ұйымдар төзе бермек пе?

М. ДҮЙСЕНБАЕВ

ҚАРА БИДАЙ ОРУҒА КІРІСТІ

Соколов ауданының 4 колхозында қара бидайды іріктеп ору жұмысы бастал ды. «Дозор Ильича», Ленин атындағы және «Политотдел» колхоздарында қара бидайды іріктеп оруға қол шалғышылар звенолары шығарылды. Бұларда алғашқы күні 3—4 гектар қара бидай орылды.

Осы аудандағы «Красное село» колхозы қара бидай оруға лобогрейкаларды және колшалғышыларды шығарды. Бұлар егін орудың алғашқы күндерінен бастап, өнімді еңбек істеуде. Колхозшы әйелдер 2 күнде қол орақпен 480 бау егін орды.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

зет ісін жолға қоюдың маңызы ерекше зор. Бұлар жергілікті жерлерде өртке қар сы күрес мәселесін тікелей өздері шешуге тиіс. Сондықтан да колхоздардағы, сов хоздардағы, элеваторлардағы машина-трактор станциялары мен машина-трак тор мастерскойларындағы өрт сөндіру қоғамдарын нығайту керек. Ол үшін бұлардағы қоғам мүшелерін өрт сөндіру әдісімен, өрт сөндіретін құрал-жабдықтар мен нақтылы таныстыру хажет болады. Бұл істі аудандық инспекторлар өрт сөндіру қоғамдарының бастықтары мен мүшелері жүзеге асырады.

Өрт сөндіру қоғамдарының міндеті — ауыл-селоларда өртке қарсы күресті күшейтудің үлгісін көрсету. Қоғам бастықтары қоғам мүшелерімен үнемі сабақ өткізіп отыруға тиіс. Әрбір астық қоймалары, тұрғын үйлер тағы басқалары өрт-сөндіретін құрал-жабдықтармен және сумен алдын-ала жабдықтап қойылуы ха жет. Ал өрт сөндіретін қоғамның аула сында арнаулы аттар мен адамдар бөлі нің, олар тәулік бойы күзетте болуға тиіс. Колхоздарда әрбір колхозшыға өрт сөндірудің тапсырмасы, өрт кезінде кім нің қай жерде қызмет атқаратындығы ай қындалып қойылатын болсын.

Ағынды сулар, кіші-гірім көлдер, құдықтар мен өрт сөндіретін құрал-жаб дықтар үнемі таза күйі, тәртіпті сақта луы керек. Қырмандарда астық соққанда өртке қарсы қоғам мүшелері тәулік бойы күзетте болу тәртібін берік қолдану ха жет.

Аудандық инспекторлар колхоз- дардағы, совхоздардағы машина-трактор станциялары мен машина-трактор мастер- скойларындағы, сол сияқты элеваторлар

және элеваторлардың директорлары өртке қарсы күрес жұмысын күшейту сияқты маңызды мәселеге үстірт қарап келеді. Ендігі жерде өртке қарсы күрес мәселесі не бұл сияқты үстірт караушылыққа тө зуге тіпті болмайды.

Сондықтан өрт сөндіру қоғамдары күні бүгінге дейін болмай келген колхоздарда, совхоздар мен машина-трактор станция ларында бұл қоғамды ұйымдастыру, олар дың қатарына әйелдер мен жас өспірім- дерді тартып, өрт сөндіретін барлық құ рал-жабдықтардың түзу күйінде болуын қамтамсыз ету, құрал-жабдықтар жетіспе ген жағдайда, оларды жетістіру мәселесі не ат салысу хажет болады. Әрбір үйде, мал қораларында, астық қоймалары мен астық қырмандарында өрт сөндіретін құ рал-жабдықтар—шелектер, сыпырғыш- тар, күректер, құм тағы басқалары жет- кілікті мөлшерде сақталатын болсын. Өрт ке қарсы күрес мәселесін барған сайын күшейту үшін өрт сөндірушілер команда- ларын іріктеп, оларды нығайту мәселе сін бір минут естен шығармау хажет.

Жұмыс үстінде кеңеттен өрттің шығыс кетуіне жол бермеу үшін әрбір трактор- шыны, моторшыны, комбайншыны, кол хозшылар мен совхоз жұмысшыларын өртке қарсы күресу жолдарымен жете таныстыру хажет. Өртке қарсы күрес командалары өртке қарсы күрес ережеле рін бұзушыларға үзілді-кесілді тыйым салуға міндетті. Міне сонда ғана халық шаруашылығымызға өрт ешқандай зиян келтіре алмайтын болады.

Техник-лейтенант ГОРОХОВ,
НКВД ның облыстық басқармасының өрт сөндіру инспекциясының бастығы.

ОБЛЫСЫМЫЗДА

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГІЛІ ІСІ

Пчелинскі бастауыш мектебінің (Мам- от ауданы) оқушылары ауыл шаруашы ық жұмыстарын жүргізуде колхозшылар а үлкен көмек көрсетіп келеді. Олар 22 ектар тұқымдық учаскені бантап-күту шін өз қамқорлығына алды, сөйтіп бұл аскеңің арам шөбін екі рет отады.

Егіннің арам шөбін отау кезінде оқушылар 270 еңбек күн алды. Бұл жұмыс та Шура Перечок, Аня Горячева, Лида Игнатенко және Лена Подорожко сияқты оқушылар басқаларға үлгі көрсетті. Қа зір оқушылар колхоздың егінін қырағы күзету үшін 4 күзетшілер тобын ұйым дастырды.

М. ӘМИНА.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖАҢА КҮШПЕН КІРІСПЕК

Мектеп оқушыларының жазғы демалыс ы көңілді және мәдениетті өткізулері шін биыл ғы жылы облысымызда 13 пио ерлер лагері, оның ішінде аудандарда , балалар үйлері үшін 2, совхоздарда 1 және қала оқушылары үшін 1 лагерь ұйымдастырылған болатын. Бұл лагерь- рдің бірінші және екінші маусымдарын 908 оқушы мен пионер тынықты.

Қазір бұл лагерьлердің үшінші маусы- мы басталды. Үшінші маусымда тынығу үшін Петропавл пионерлерінің «Алтын күз» лагеріне қала мектептерінен 290 оқушы жіберілді. Пионерлер мен мектеп оқушылары жазғы демалыс маусымын көңілді әрі мәдениетті өткізіп жаңа оқу жылына жаңа күшпен кіріспек.

КОМСОМОЛ МҮШЕЛЕРІ МЕН ЖАСТАР ҮЛГІ КӨРСЕТУДЕ

Преснов ауданындағы «Зеленая роща» олхозының комсомол мүшелері мен жас ары ауыл шаруашылық жұмыстарында үлгісін көрсетуде. Әресе олар мал ығын дайындау ісіне ерекше назар ау рды.

Бухова жолдас басқарған звеноның мү шелері 210 гектар жердің пішенін шауып, 275 центнер шөп жыйнады. Ал, Петухова жолдастың басқаруындағы зве но бір күнде 25 гектар шөп маялау орнына, 50 гектар шөп маялайды.

З. АЙСИНА.

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ АВТОМОБИЛЬ ОТРЯДЫ

Мамлют ауданының автомобиль отряды ның коллективі жүк тасу жөніндегі ай лық тапсырманы орындауда үздік шықты. Мұнда жүк тасу жөніндегі соңғы бір ай лық жоспар 143 процент орындалды. Сөй тіп отряд Бүкіл Одақтық социалистік жа рыста екінші орынға ие болды.

Кәсіпшілер Одақтарының Бүкіл Одак тық Орталық Советі отряд коллективіне 10 мың сом сыйлық берді. Отрядтың Чу Чун, Шмелев, Дударин тағы басқа сол сияқты шоферлері аянбай жұмыс істеп, отрядтың бұл зор табысқа жетуіне көп үлес қосты.

Ә. СМАҒҰЛОВА.

ОҚУШЫЛАР 6898 ГЕКТАР ЕГІНДІ АРАМ ШӨПТЕН АРЫЛТТЫ

Булаев ауданының колхоз, совхоздары- ның егіс даласында дәнді егістің арам шө бін отауда 1846 оқушы жұмыс істеді. Олардың күшімен 6898 гектар егін арам шөптен тазартылды.

Егіннің арам шөбін отау жұмыстарына Чистовскі 7 жылдық мектебінің коллекти ві белсене қатысты .Олар 2100 гектар егінді арам шөптен арылтты. Ал, Возвы шен орталау мектебінің коллективі 1800 гектар егінді арам шөптен арылтты.

Ә. НҰРЖАНОВА.

МЕКТЕПКЕ КӨМЕГІМІЗ

Мектептерді жаңа оқу жылына тыңғы- лықты әзірлеу кезеңінде колхоз баскар- малар ының алдына зор міндеттер қо- йылады. Оқу жылы басталғанға дейін мектептерді толық жөндеп, қысқа керекті отынмен қамтамасыз ету үшін колхоз баскармалары мектепке үнемі көңіл бөлін, комектесін отырулары керек.

Еңбекші казақ ауданы интеллигенция- сының шақыруын талқылағанда біз мек- тепті жаңа оқу жылына әзірлеу ісіне бел- сене көмек көрсетуге міндеттенген едік. Бұл міндеттемені ойдағыдай орындауға ат салысудамыз.

Біздің колхозда 10 жылдық бір мектеп бар. Оқу жылы аяқталысымен-ақ мек- тепті жаңа оқу жылына дайындау жұ- мыстарын қызу қолға алдық. Бұл жұмыс ка мектеп окытушыларының өздері де белсене қатынасты. Мектепті жөндеу жұ- мыстарына көмектесу мақсатында колхоз дан 2 шебер бердік. Қазір олар мектепті жөндеу жұмыстарында істеп жүр. Сол сияқты мектепке керекті отын дайындап, тасып алуы үшін 2 пар өгіз және 3 адам шығардық. Олардың күшімен мек- тепке керекті отын дайындала бастады. Қазірдің өзінде 20 мың тезек, 55 текше- метр отын дайындалды. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін мектепке керекті отын ды толық дайындап, мектеп жанына, та сып, үйіп бермекпіз және баска керек- жарақтармен қамтамасыз етпекпіз.

Б. ҚҰСАЙНОВ,
Приешім ауданындағы «Октябрь» колхозының председателі.

түсуі

ЛОНДОН, 28 июль. (ТАСС). Грециянын Бас министрі адмирал Вулгаристің және оның кабинеті мүшелерінің орнынан түскендігін Лондон радиосы хабар етті.

Греция үкметінің орнынан түсуі туралы хабар жайында

ЛОНДОН, 30 июль. (ТАСС). Рейтер агенттігі Афинидан мынадай хабар берді: Вулгарис кабинетінің орнынан түсу, жөнінде Греция регентіне өтініш тапсырғандығы туралы газеттерде жарияланған хабарлар жайында қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, хабаршы министр Закиндин ресми түрде мәлімдеме жасады. Мәлімдемеде былай делінген: сырт қы істер министрі Софианопулос негүрлым күштірек жаңа үкмет құруды ұсынғаннан кейін, Вулгарис регент Дамаскиноска барып, өзінің және оның кабинет мүшелерінің әлі күнге дейін өз міндеттерін атқарып жүрміз деп есептейтіндігін және егер регент ұлт мүдделері жаңа үкметтің құрылуын талап етеді деп ұйғаратын болса, онда өздерінің орнынан түсуге әзір болатындығын ескерткен.

АҚШ сенаты Біріккен Ұлттар уставын бекітті

НЬЮ-ЙОРК, 28 июль. (ТАСС). АҚШ сенатының бүгін Біріккен Ұлттар Уставын бекіткендігін Нью-Йорк радиосы хабар етті. Уставты бекітуге 89 сенатор дауыс берді және екі адам қарсы шықты.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

«Главкинопрокаттын» облыстық баскармасы жақын арада облыс экрандарында «Чарлейдің жеңгесі» деген күлкілі жаңа фильмін, «Ажалсыз мыстан» атты көркем суретті фильм (ертегі) мен «Москвада 1945 жылғы Бірінші Май парад» документті фильмін көрсете бастайды.

ДИРЕКЦИЯ.

* * *

Түпкілікті жұмыска пеш жағушылар, слесарьлар, токарьлар, ағаш шеберлері, үй сылаушылар, механиктер, машинашылар, қызметшілер және баска да жұмысшылар керек.

Адрес: Крепостная көшесі, 2-үй.

* * *

Петропавл қалалық Мемлекеттік тазалық сақтау инспекциясы барлық азық-түлік орындарын нан және ет салып тасыйтын барлық жәшіктерді 1945 жылғы 10 августка дейін қайта тіркеуден өткізуге міндеттейді. Көрсетілген мерзімге дейін нан және ет салып тасыйтын жәшіктерді қайта тіркеуден өткізбегендерге азық-түлік босатылмайды. Жәшіктерді қайта тіркеу жұмысы қалалық совет үйінде 6-бөлмеде, таң ертеңге сағат 9дан күндізгі сағат 12ге дейін жүргізіледі.

Редакцияның адресі: КССР Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 12. Полиграфия және издательство баскармасының баспаханасы. УШ 00494.